

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ЕЛІМІЗ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ РӨЛГЕ ИЕ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОСЫ САЛАҒА АЙРЫҚША МӘН БЕРІП ОТЫР. БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ЕУРАЗИЯНЫҢ КӨЛІК ХАБЫНА АЙНАЛУДА ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАР. ҚАЗІР ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК БАҒЫТТА АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫП, ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ПАРКІ ЖЫЛ САЙЫН ЖАҒАЛАНУДА. ОСЫ МАҚСАТТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ ӨЗ ҚҰЗЫРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ.

Мақсат ҚАЛИАҚПАРОВ,
ҚР Көлік вице-министрі



№11 (2941)
30/01/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ТХКБ: БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 4 МЛН ТОННА

Түркия астанасы Анкарада «Транскаспий халықаралық көлік бағдары» Халықаралық қауымдастығы жұмыс тобының және Жалпы жиын отырыстары өтті. Жалпы жиын отырысында 25 қатысушының, әртүрлі елдерден келген көлік және логистика саласындағы ірі халықаралық және өңірлік ұйымдардың шешімімен бірауыздан «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысы үш жылға «ТХКБ» ХҚ басқарма төрағасы болып қайта сайланды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Сондай-ақ қаржы институттарының (ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк), DTC Global жаһандық мультимодальды цифрлық платформасының, Қазақстан мен Түркия жүк жөнелтушілерінің қатысуымен «ТХКБ: трендтер, сын-тегеуріндер мен перспективалар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онда 2024 жылға арналған жоспарлар мен тарифтер бекітіліп, қызметті жандандыру жөніндегі әрі қарайғы қадамдар және бағдарларды кеңейту перспективалары талқыланды.

2023 жылы ТХКБ бағыты бойынша 2,7 млн тоннадан астам жүк тасымалданды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 86% артық. 2024 жылға арналған перспективалық жоспар шамамен 4 млн тоннаны құрайды деп күтілуде. Жалпы ҚТЖ компаниясы ТХКБ дамуына ерекше мән беріп, оның дамуымен байланысты кез келген бастаманы қолдауда. Бұл бастамаларды үш бағытқа бөлуге болады. Біріншісі – бұл қатысушы теміржол өкімшіліктерімен ынтымақтастық. Екіншісі – инфрақұрылымды дамыту. Үшіншісі – шетелдік серік-



тестермен ынтымақтастық.

Бірінші бағыт бойынша өзара белсенді іс-қимыл Әзірбайжан мен Грузияның теміржол өкімшіліктерімен бірлесіп ҚТЖ құрған ТХКБ қауымдастығы шеңберінде жүзеге асырылады. Қауымдастықтың жұмыс кездесулерінде бағдарды дамыту мәселелері талқыланып, жыл сайынғы тарифтік шарттар белгіленіп, тарифтерді есептеу және контейнерлерді орналастыру туралы ақпарат алмасу үшін цифрлық платформа құру жайы пысықталады. Сонымен қатар Халықаралық Транскаспий Көлік Консорциумы құрылғанын айтар едім. Консорциум

логистикалық өнімдерді әзірлеумен, клиенттерді іздеумен, жүк ағындарын тартумен, шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты жолға қоюмен айналысады, ал тасымалдарды тәулік сайын бақылау бірыңғай виртуалды диспетчерлік орталық арқылы жүзеге асырылады.

Екінші бағыт – инфрақұрылымды дамыту. Осы арада ТХКБ-ның негізгі буындары Каспий теңізіне шығатын Ақтау және Құрық порттары болып табылады. Қазіргі уақытта Каспий теңізінің таязғана бастағаны байқалады. Сондықтан кемелерді тасымалдау мен өңдеуді қамтамасыз ету үшін және порттарға қолжетімділікті

жақсарту үшін түбін тереңдету жұмыстары кешенді жүргізілуде. Сондай-ақ Құрық портында астық терминалын салу және бес қосымша айлақ салу жоспарланған. Осы іс-шараларды жүзеге асыру порттардың өткізу қабілетін 27,3 млн тоннаға дейін ұлғайтуға және контейнер ағынының 2025 жылға қарай 40 мыңнан 300 мың ЖФЭ-ге дейін өсіруге мүмкіндік береді. Бұл порттарға қатысты, ТХКБ-ға қатысты инфрақұрылымды дамыту бойынша құрлықта да ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып жатқаны жиі жазылуда.

Үшінші бағыт – халықаралық ынтымақтастық. Мемлекет басшысының Қазақстан

нарығына контейнерлік порт терминалдарының ірі әлемдік операторларының бірі – сингапурлық PSA International компаниясын тарту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында ҚТЖ компаниясы аталған компаниямен бірлескен кәсіпорын құрды. Бұл ынтымақтастық PSA тәжірибесі мен технологияларына қол жеткізуді қамтамасыз етумен қатар, тасымалдау географиясын кеңейтіп, қазақстандық көлік дәліздерін әлемдік хабтармен біріктіреді. Бұл кәсіпорынның басты мақсаты транзиттік жүк тасымалының өсуіне ықпал ететін ТХКБ-ның дамуына жәрдемдесу.

Сурет railways.kz сайтынан

ИЗ КИТАЯ В ГЕРМАНИЮ

Первый в новом году грузовой поезд Китай – Германия отправился из Гуанчжоу транзитом через Казахстан.



Он загружен оборудованием, бытовой электротехникой и другими товарами общей стоимостью порядка пяти миллионов долларов. Вес груза – 355 тонн. Это первый поезд Гуандунского железнодорожного экспресса Китай – Европа из Гуанчжоу в Гамбург (Германия) в этом году. Поезд проходит транзитом через территорию Казахстана.

Чтобы свести к минимуму влияние геоконфликтов на промышленные цепочки и цепочки поставок, железнодорожная компания Guangzhou Communications Investment Group Co., Ltd. заранее связалась с зарубежными агентами, подавая заявку на поддержку в рамках плана немецкой железной дороги, сообщает ChinaNews.

Повторное открытие железнодорожного экспресса из Гуанчжоу в направлении Германии обеспечивает новый бесперебойный и безопасный логистический канал Азия – Европа для товаров, которые были заблокированы морскими перевозками. В планах китайской компании регулярно организовывать и эксплуатировать грузовые поезда Китай – Европа из Германии, чтобы обеспечить стабильность международной цепочки поставок.

Роман ЛЮБИМОВ
Фото ChinaNews.com

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Көлік вице-министрі Талғат Ластаев БҰҰ Қазақстан Республикасындағы Тұрақты Үйлестірушісі М.Фриберг-Сторимен кездесті.

Кездесу барысында БҰҰ-мен көлік саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сондай-ақ тараптар биыл 29-30 қаңтарда Брюссельде өтуі жоспарланған Global Gateway инвестфорумына қатысу бойынша жоспарлармен бөлісті. Айта кетерлігі, министрлік БҰҰ Орталық Азияға арналған бағдарламасының Көлік, транзит және байланыстылық бойынша жұмыс тобының аясында осы бағытта белсенді жұмыс атқарады.

Сонымен қатар Қазақстан теңізге шығатын жолы жоқ ең үлкен аумаққа ие бола отырып, аталған санаттағы елдер тобының (LLDC's) жыл сайынғы отырыстарына белсенді түрде қатысады. Жалпы жиынға қатысушылар көлік, инфрақұрылым, логистика және басқа да салаларда белсенді ынтымақтастықты жалғастыруға уағдаласты.

Нұрпай СӨРЕНЖАЛИ

НАРАСТИТЬ ОБЪЕМЫ

АО «KTZ Express» провело road-show в Китае. В ходе мероприятия прошли переговоры с ведущими представителями транспортно-логистической отрасли, такими как CRIMT, China Logistics Group, Jiangsu International Rail Freight Express, Pinduoduo и Henan Zhongyu International Port Group.

С компанией CRIMT, Henan Zhongyu International Port Group и Pinduoduo достигнуты договоренности о сотрудничестве по увеличению объемов грузоперевозок через Казахстан, с наибольшим акцентом на ТМТМ, а также о начале работ по интеграции информационных систем для оптимизации логистических операций.

К слову, в минувшем году по маршруту ТМТМ перевезено более 2,7 миллиона тонн грузов. На сегодня маршрут предоставляет конкурентоспособный срок доставки – в среднем 12 суток. В среднесрочной перспективе объемы грузоперевозок по коридору планируются довести до 10 миллионов тонн.

С China Logistics Group и Jiangsu International Rail Freight Express подписаны документы о развитии сотрудничества по совместным сервисам в сфере логистики и цифровых проектов.

Алинура КУДЫЙБЕРГЕНУЛЫ

Снегоборьба

ЗИМА ДВИЖЕНИЮ НЕ ПОМЕХА

С начала снегоборьбы железнодорожники Казахстана убрали порядка одного миллиона кубометров снега.

Любовь РОВБА,
Астана

Зима традиционно пришла раньше календарного срока. К очистке станционных путей и стрелочных переводов от снега работники АО «НК «ҚТЖ» приступили уже 19 ноября прошлого года.

Всего с этого момента вывезено 987 225 кубометров снега, очищено 242 215 километров железнодорожного полотна.

За период с ноября по конец января к снегоборьбе в дневную и ночную смену привлечены 166 202 монтера пути. Кроме того, на борьбу со стихией привлечались 1 528 работников второй очереди. Всеми видами техники осуществлено 3 258 выездов, из них снегоочистительными машинами типа СДПМ – 1 734, МКТ отработал 5 400 километров пути по НКЖ-8 Жамбыл в период ЧС. Снегоуборочная машина типа СМ-2 осуществила 1 524



выезда (3 949 рейсов).

Впереди – февраль, который славится своими обильными снегопадами и метелями. Но железнодорожники готовы к

испытаниям стихией, из года в год обеспечивая бесперебойное движение поездов в любое время года.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТРАНЗИТТІК ДЕКЛАРАЦИЯ АВТОМАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Қытай шекарасында транзиттік декларацияларды беру процесі автоматтандырылады. Қытай – Орталық Азия және Қытай – Еуропа бағыттары бойынша теміржол көлігімен тасымалданатын жүктердің транзиттік декларацияларын автоматты түрде беру және шығару үшін Tez Customs цифрлық платформасы пилоттық режимде енгізіліп отыр.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Жобаны ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен PSA International-Global DTC әлемдік порт операторының еншілес компаниясымен бірлесіп іске асыруда.

2023 жылдың 9 желтоқсанынан бастап пилоттық жоба Алтынкөл – Сарыағаш бағдары бойынша Өзбекстан бағытында іске қосылды. Ол бойынша Алтынкөл станциясында 109 транзиттік декларация автоматты режимде шығарылды және ресімделді, барлық декларациялар бойынша транзит Сарыағаш станциясында сәтті аяқталды. Өткен жылдың 27 желтоқсанында платформа Достық – Брест-

Северный бағдары бойынша іске қосылды, 52 транзиттік декларация ресімделіп, оларды Беларусь Республикасының кеден қызметі электронды түрде алды және олар бойынша транзитті аяқтады. Пилоттық алғашқы нәтижелері транзитті электронды декларациялау және кедендік шығару процесіне 30 минут ішінде қол жеткізу болды. Пилот еңбексүйткі пайдалануға енгізілгенге және транзитке тартылған ЕАЭО елдерінің жалпы шешімі қабылданғанға дейін жалғасатын болады. Tez Customs платформасы алдын ала ақпаратты дайындауды, транзиттік декларацияларды автоматты тіркеуді және шығаруды қоса алғанда, кедендік транзитті қағазсыз ресімдеу процесін автоматтандыруды қамтамасыз етеді. Бұл ретте МКК ақпараттық жүйесі контейнерлердің келуі мен

кетуі туралы автоматты ақпарат алады, ал темір жол жүйесі – декларацияның шығарылуы және транзиттің аяқталуы туралы электрондық хабарлама алады, бұл қағаз декларацияларды ұсынбай жүкті одан әрі жөнелтуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Tez Customs – DTC-Digital Trade Corridor платформасының модульдерінің бірі. DTC платформасы мультимодальды тасымалдаулар үшін жіксіз цифрлық құжат айналымын қамтамасыз ету және Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуды ынталандыру мақсатында әзірленген. Платформа ТХКБ елдерінің барлық қатысушылары – Қытай, Қазақстан, Әзірбайжан, Грузия және Түркия үшін құжат айналымын цифрландыруды қамтамасыз етеді.



Кайрат САУРБАЕВ,
генеральный директор
АО «Қазтеміртранс»

ПРОШЛЫЙ ГОД БЫЛ НЕПРОСТЫМ, ОДНАКО АО «КАЗТЕМИРТРАНС» ВЫПОЛНИЛО ВСЕ ПОСТАВЛЕННЫЕ ЗАДАЧИ И ДОСТИГЛО ПОЛОЖИТЕЛЬНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ ФИНАНСОВО-ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ. В 2023 ГОДУ ЗА СЧЕТ ВЫПОЛНЕНИЯ ПОВЫШЕННЫХ ПЛАНОВ ПО РЕМОНТУ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА И ПРИОБРЕТЕНИЯ НОВЫХ ВАГОНОВ РАБОЧИЙ ПАРК БЫЛ УВЕЛИЧЕН НА 2 796 ЕДИНИЦ ПО СРАВНЕНИЮ С 2022 ГОДОМ, НЕРАБОЧИЙ ПАРК СНИЗИЛСЯ НА 5 102 ВАГОНА

САНДАР СӨЙЛЕДІ:

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ ҚТЖ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША

120

АСТАМ МОДУЛЬДІК ҒИМАРАТ ОРНАТУ ЖОСПАРЛАНУДА.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ ВАГОН ПАРКІ СОҒЫ ҮШ ЖЫЛДА

250

ЖАҒА ВАГОНМЕН ТОЛЫҚТЫ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА КӨЛІКТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРІМЕН

980,7 млн тонна

ЖҮК ТАСЫМАЛДАНДЫ.

ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Қызылорда станциясының ұжымы өткен жылды табысты қорытындылап, өндірістік жұмыс көрсеткіштері жоспарын 100,7-142,2 пайыз аралығында асыра орындады.



Теміржолшылар тарапынан өндірістік маневрлік, пойыздық жұмыстар кезінде жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына себеп болатын тосын жағдайларға орын берілмеген. Кәсіби міндетіне берік, жұмыстарын бес саусағындай білетінін әріптестерінің өткен жылы жасаған еңбектеріне жоғары баға берген станция бастығы Қайрат Төрединов ағымдағы жылға да жағымды болжам жасады.

– Тек қана жүк тиеудің белгіленген 203 633 тонна жоспары өткен жылы 289 523 тоннаға жеткізіліп, жеке 142,2 пайызға жеткізілді. Жоспардың жоғары деңгейде орындалуы тапсырыс берушілермен ортақ мәміле, тиынақты жұмыстың нәтижесі, сонымен қатар ұжымның жанкешті еңбегінің арқасы, – дейді Қайрат Төрединов.

Станция бастығы пойыз құрастырушы Алтынбек Серікұлы, маневр диспетчері Арман Қоңырбаев, станция кезекшісі Дархан Доскеевтің еңбегін ерекше атап өтуді сұрады. Жүк пойыздары вагондарының құжаттарын рәсімдеп реттеуде тауар кассирі Жаркынай Тастыбаева, жүк қабылдап-тапсырушы Алина Ершова және аға жүк қабылдап-тапсырушы Галина Утехинаның шапшаңдығы, сауаттылығы мен көп жылғы тәжірибесі де станция жұмысының табысын арттыра түседі деп санайды станция жетекшісі.

Суретті түсірген автор

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУҒА ЕРЕКШЕ НАЗАР

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



Теміржолда өнімді еңбек жағдайын қамтамасыз етуде еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастырудың мәні зор. Сол мақсатта Ақкөл станциясында да «Еңбекті қорғау мәдениеті» тақырыбында жоспарлы техникалық оқу-жаттығуы өткізілді.



Станцияның өндірістік оқыту шебері Зарина Оразалина мен техникалық бөлімнің инженері Ботагөз Еришева ұйымдастырған жаттығуға Ақкөл, Шортанды, Төңкеріс станцияларының басшылары мен қызметкерлері қатысты.

– Мұндай іс-шаралардың қызметкерлердің бәрін еңбек міндеттеріне деген жауапкершілікпен қарау бойынша қарым-қатынасын арттыруда маңызы зор. Осы ретте филиал бойынша өндірістік оқыту шебері үнемі станция қызметкерлеріне жарақат алуды, апатты жағдайларды азайту, болдырмауға қатысты техникалық сабақтарды ұдайы өткізіп отырады. Бір айта кетерлігі, мекемелердің әрбір қызметкері қасындағы әрбір әріптесі үшін де өзінің жауапкершілігін сезініп, қашан да көмек беруге дайын тұруы керектігін айта кеткім келеді. Бұл – біздегі корпоративтік және мәдени құндылықтардың бірі және жалпыға ортақ мінез-құлық үлгісі, – деді станция бастығы Нұрбол Назаров.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

ЖАҢА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТА ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР БАР

Үстіміздегі жылдың қаңтарынан бастап «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шарт күшіне енді. Бүгін біз жаңа ұжымдық шарттың бұрынғысынан қандай өзгешелігі, артықшылығы барын «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитовтен сұрадық.



– Жұпарбек Абзалбекұлы, әңгімемізді жаңа ұжымдық шарттың қалай жасалғанынан бастасақ...

– Әрине, биылғы жылды қоса алғанда, үш жылды қамтитын ұжымдық шартқа қатысты үлкен жұмыстар жүргізілді. Маңызды құжат жасалмас бұрын ел өңірлеріне шығып, желідегі теміржол еңбеккерлерімен кездестік. Олардың сөзін тыңдадық, ұсыныстарын қабыл алдық. Барлығы 300-ден астам ұсыныс келіп түсті. Әрине, олардың бәрін қабылдау мүмкін емес еді. Сондықтан осының бәрін реттеп, бір жобаға келтіріп талқылау үшін жұмыс тобы құрылды. Оған әр өңірден жұмыскерлер тартылды. Жұмыс тобының құрамы 30 адам болып

тағы мәселелер қамтылған.

– Жаңа ұжымдық шарттағы негізгі өзгерістер әлеуметтік пакеттерді жақсарту мен еңбекақыға қатысты болғанын айттыңыз. Бұл көпшілікті қызықтыратын басты мәселе десек, артық айтқандық емес. Ендеше, сол негізгі өзгерістерге тоқталып өтсеңіз...

– Әлеуметтік пакеттерді жақсартуға қатысты өзгерістер, негізінен қаржылық көрсеткіштер тұрғысынан енгізіліп отыр. Айталық, баланың туылуына байланысты материалдық көмек (МК) 30-дан 40 АЕК-ке дейін, 4,5 класты станциялар мен развездерде 40-тан 50 АЕК-ке дейін өссе, қызметкердің қайтыс болуына байланысты жерлеуге 100-ден 150 АЕК-ке

қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 21.12.23 №049-VIII Заңына сәйкес зиянды, ауыр және қауіпті жағдайда жұмыс істейтін жұмыскерлерге қосымша жеңілдіктер қарастырылып отыр. Салдағы аталған тұлғалар осы тізімге кіреді. Сондықтан әзірше оларды айқындау, жеңілдіктерге сәйкестігін зерделеу жұмыстары жүріп жатыр. Осы жұмыстың нәтижесінен кейін түпкілікті шешім қабылданып болады.

Жаңа ұжымдық шарт бойынша баланы емізу үшін қосымша үзіліс уақыты жарты сағаттан 1 сағатқа дейін ұзартылды. Студенттерге тәлімгерлік еткені үшін тарифтік мөлшерлемеден төленетін төлемақы 10-нан 15%-ке дейін; қармен, құммен күрес, төтенше жағдайлар кезінде теміржолшылардың тамақтануына төленетін қаражат көлемі 0,3-тен 0,5 АЕК-ке дейін ұлғайды. Бұрынғы ұжымдық шарттағыдай жаңа құжатта да зейнеткерлер мен ардагерлерге арналған әлеуметтік пакет түрлері толық сақталған, тек өзгешелігі – материалдық көмек көлемі өскен. Сонымен қатар еңбекақы қорынан теміржол саласы қызметкерлеріне төрт мереке бойынша: атап айтқанда Наурыз мейрамы, Көлік қызметкерлері күні, Республика күні, Қазақстан Республикасының Туәлісіздік күні мерекелеріне ең төменгі жалақы (85 мың теңге) көлемінде біржолғы сыйақы беру келісілген. Бұрынғы ұжымдық шартта Республика күні мен Наурыз мейрамына сыйақы қарастырылмаған болатын.

– Сала қызметкерлерінің жұмыс уақыты, еңбек және басқа демалыс уақыттарын ұйымдастыру бөлігіне қатысты қандай өзгешелік, ауыс-түйіс жағдайлар орын алды?

– Жаңа ұжымдық шартты жасау барысында көп сұранысқа ие шипажайларға жолдамалар сатып алу жағы қарастырылды. Сондай-ақ С.Сейфулин шипажайында жыл сайынғы сауықтыру мүмкіндігі енгізіледі, бұл шипажайда 1 және 4 тоқсанда лауазымдық жалақы деңгейіне (150 АЕК) қойылатын талаптар ескерілмей, сауықтыруға рұқсат етіледі. Жаңа құжатта демалыстар кестесін түзу барысында негізгі ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстарын пайдаланудың басым құқығын –

мектепке дейінгі және бастауыш сыныптардың мектеп жасындағы балаларын, мүгедектігі бар балаларын жалғыз тәрбиелеуші қызметкерге, сондай-ақ төрт және одан да көп балаларын тәрбиелеуші қызметкерлерге, олар үшін ыңғайлы уақытта беруге басымдық жасалған. Сосын жаңа ұжымдық шарт бойынша қызметкердің ата-анасы, жұбайы/зайыбы, баласы, ағасы, ата-әжесі, немересі қайтыс болған жағдайда жерлеуге 3 жұмыс күні есебінен, сондай-ақ некеге тұруына байланысты 3 жұмыс күні есебінен демалыстар оқиға болған күнге беріледі. Ертеректе мұндай шектеулер болмаған еді, енді өндірісте кідіріс мәселесін болдырмау, сонымен қатар әлеуметтік демалысты беру аясында тәртіп пен кезектің сақталуы үшін оқиға датасымен байланысты шешім қабылданып отыр. Бұл – шектеуге қатысты толықтырулар. Ал мүгедек баласын үлес қызметкер, баласын қузыретті органға куәландыру үшін кезекті медициналық-әлеуметтік сараптамадан өткізетін болса, оларға бұрын 2 күн беріліп келсе, жаңа құжат бойынша 4 күн беріледі. Бірақ мүгедек баланың ата-анасының екеуі де Компания қызметкері болса, онда қосымша демалыс біреуіне ғана беріледі. Міне, осы сияқты азын-аулақ толықтырулар мен өзгерістерді еңбек қорғау, қауіпсіздік, әлеуметтік қорғау, кәсіби даярлық, қайта дайындық, Компания зейнеткерлеріне арналған әлеуметтік пакет бөлімдерінен де көруге болады. Жалпы жаңа ұжымдық шартта теміржолшылардың мүдделерін толық ескеруге тырыстық. Сондай-ақ жұмыс беруші «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының да қазіргі борышы көп жағдайында қаржылық жағдайын ескердік. Қазақ тілмен айтсақ, арба сынбайтын, өгіз өлмейтін жағдайды қамтамасыз ету керек. Сөз соңында «Қазкөліккәсіп» ҚБ орталық аппаратының, ел өңірлеріндегі кәсіподақ комитеті ұйымдарының 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шартты жасаудағы еңбектері орасан зор екенін айта отырып, кәсіподақтың Орталық кеңесінің өкілі ретінде жаңа құжаттың сәтті жасалып шығуына үлес қосқан азаматтарға үлкен алғысымды білдіргім келеді.

– Өңгімеңізге рахмет!
Сұлғұл БАКЕСОВА
Суреттерді түсірген
Александр ЖАБЧУК



бекітіліп, оған кәсіподақтан 15, Компаниядан 15 маман қатысты. Талқылау нәтижесінде 72 ұсыныс қабылданды. Жаңа ұжымдық шартта негізгі өзгерістер қызметкерлердің, сондай-ақ зейнеткерлер мен ардагерлердің әлеуметтік пакеттерін жақсарту, еңбекақы сияқты басты мәселелерге қатысты енгізілді. Егер нақты қаржы көрсеткішіне келсек, әлеуметтік жеңілдік бюджетіне +5 млрд тт, ал еңбекақы қорына +9,8 млрд теңге көлемінде қаражат қосылды. Тағы бір атап өтерлік жайт, 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шартта бөлімдер және қосымшалар бойынша нөмірлеу өзгерді. Жалпы ұжымдық шарт 12 бөлімнен тұрады. Бастапқы екі бөлім жалпы ұғымдар, жалпы ережелерге арналған. «Еңбекті ұйымдастыру және нормалау, еңбекақы, қосымша ақылар мен үстемақылар» мәселелеріне арналған 3-ші бөлімнен бастап 8-ші бөлімге дейін Ұлттық компания қызметкерлері мен зейнеткерлері, ардагерлерінің мүдделері, құқықтары, оларға жасалатын жеңілдіктер, еңбек қорғау, қауіпсіздік, қайта оқыту, даярлық сияқты тағысын

дейін, теміржолшының ата-анасы, жұбайы/жары, балалары қайтыс болған жағдайда жерлеуге 50-ден 70-ке дейін АЕК көлемінде, ал некеге тұрғанда 15-тен 30 АЕК дейін МК беріледі. Шағын станцияларға жұмыс істеуге барған жас мамандарға 25-тен 40 АЕК МК беру, сондай-ақ жаңа ұжымдық шарт талабы бойынша бийлдан бастап декреттік демалыстағы әйелдерге де 8 наурыз мейрамына сыйақы беру қарастырылған. Жаңа ұжымдық шарттың басты жаңалығы ретінде, пойыз құрастырушылар мен олардың көмекшілеріне, жол монтерлері мен бригадирлеріне зейнетақы жасына жеткенге дейінгі үш жыл алды салалық жәрдемақыға шығу мүмкіндігінің беріліп отырғанын, сондай-ақ айрықша күрделі метеорологиялық жағдай кезінде жұмысқа тартылған көпір шеберлері мен жасанды құрылыс жөндеушілеріне де төлемақы төлеу қарастырылып отырғанын атап едік. Бұл – жаңа ұжымдық шартқа енгізіліп отырған толықтырулар. Дегенмен, бұл мәселе әзірше толықтай іске қосылмай тұр, себебі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

«КТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы не орындалмауы туралы жартыжылдық ақпарат БИН 210840034978 49390 (ЭҚЖЖ бойынша қызмет түрі) 2023 жылдың 2 жартыжылдығы бойынша


№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін	Кіммен бекітілген (күні, бұйрықтың нөмірі)	Іс-шараның атауы	2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін инвестициялық бағдарламалар		Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің жоспарланған өлшемдері (көрсеткіштері) 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін				Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің орындалуы, нақты өлшемдері (көрсеткіштері) (тоқсан сайын, өспелі қорытындымен) 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін				Ауытқуы / Ауытқудың себептері	
				2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 30 маусымына дейін	2023 жылдың 1 шілдесінен бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы	Көлем	Сом, мың теңге	
	Барлығы:	Инвестициялық бағдарлама Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 32-1-32/1964 хатына сәйкес бекітілген		5 944 533	7 654 610	бірлік		мың теңге	13 599 143	барлығы, оның ішінде		мың теңге	60 990 004	47 390 861	
				4 623 240	6 593 561	бірлік		мың теңге	11 216 801	меншік	бірлік	мың теңге	21 691 282	10 474 481	
				1 321 293	1 061 049			мың теңге	2 382 341	қарыз		мың теңге	39 298 722	36 916 381	
1	Жолаушылар электровоздарын сатып алу		локомотивтерді сатып алу	5 944 533	1 061 049	бірлік	4	мың теңге	7 005 582	барлығы, оның ішінде	бірлік	мың теңге	32 513 476	25 507 894	
				4 623 240	-			мың теңге	4 623 240	меншік		мың теңге	11 675 371	7 052 131	
				1 321 293	1 061 049			мың теңге	2 382 341	қарыз		мың теңге	20 838 105	18 455 764	
2	Жолаушылар тепловоздарын сатып алу				6 593 561	бірлік	4	мың теңге	6 593 561	барлығы, оның ішінде	бірлік	мың теңге	28 476 528	21 882 967	
					6 593 561			мың теңге	6 593 561	меншік		мың теңге	10 015 911	3 422 350	
								мың теңге		қарыз		мың теңге	18 460 617	18 460 617	

«КТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС Басқарма төрағасы (Бас директор)

М. Медеубаев



ОБНОВИЛИ МАКСИМУМ



Грузовые перевозки АО «НК «КТЖ» демонстрируют рост и в течение последних трех лет обновляют исторический максимум суверенного Казахстана. В 2023 году эксплуатационный грузооборот достиг 269 миллиардов тонно-километров, увеличившись на 7% к предыдущему.

Любовь РОВБА,
Астана

Об этом сообщил заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Канат Альмагамбетов на расширенном совещании по итогам деятельности компании с участием представителей дочерних организаций и всех региональных подразделений КТЖ, Министерства транспорта и АО «Самрук-Қазына».

– Прошедший год был непростым, но насыщенным в части осуществления ряда амбициозных проектов. Реализация масштабных задач, поставленных Главой государства и Правительством, осуществляется при полной поддержке Министерства транспорта и акционера в лице фонда, – отметил Канат Альмагамбетов.

В 2023 году начато строитель-

ство железнодорожных линий Дарбаза – Мактаарал, Бахты – Аягос (с открытием третьего погранперехода с Китаем), обводной линии вокруг Алматы. Проложено свыше 300 километров вторых путей на участке Достык – Мойынты. Выполнен масштабный объем ремонта пути – оздоровлено 1 443 километра, что в два раза больше, чем в 2022 году.

Построен грузовой терминал Казахстана в китайском сухом порту города Сианя. Перевозки между железными дорогами Казахстана и Китая выросли на 22% и достигли 28 миллионов тонн.

Канат Альмагамбетов в своем докладе отметил сохранение положительной динамики роста всех производственных показателей. Так, эксплуатационный грузооборот вырос по отношению к 2022 году на 7% и достиг

269 миллиардов тонно-километров. Транзитные перевозки в контейнерах составили 1 миллион 28 тысяч ДФЭ, что на 13,5% больше предыдущего периода. Объемы перевозок грузов между железными дорогами Казахстана и Китая выросли на 22% и достигли 28 миллионов тонн.

Улучшаются условия труда сотрудников. В течение прошлого года отремонтировано 228 зданий, 467 помещений и 37 домов отдыха локомотивных бригад.

По сети КТЖ установлено 132 модульных здания для проживания работников хозяйств пути и связи, выполняющих работу на отдаленных участках. В них предусмотрено все необходимое для комфортного пребывания: душевые, бытовая техника, мебель, посуда, подключены инженерные коммуникации. В 2024

году планируется установить еще 124 таких здания.

Кроме того, по всей стране на перегонах вдоль железных дорог вместо ветхих сооружений появилось 1 224 новых пункта обогрева, где железнодорожники могут укрыться от дождя и снега. Работа по созданию благоприятных условий труда будет продолжена.

Для доставки линейных сотрудников на место производства работ приобретено 384 единицы транспорта. Для маневровых и вспомогательных работ на железнодорожных путях закуплено четыре погрузочно-транспортных мотовоза, оснащенных крановой установкой и кабиной с посадочными местами. Также приобретен кран грузоподъемностью до 150 тонн. Закупаются средства малой механизации – в 2023 году на нужды работников поступило более 2 360 домкратов, 165 шурупогайковертов, 436 рихтовщиков, 240 электрошпалоподбоек и другие.

Так как КТЖ является крупнейшей национальной компанией с филиальной сетью во всех регионах Казахстана и общим штатом свыше 110 тысяч человек, руководство уделяет особое внимание повышению социального благополучия работников. В 2023 году заработная плата повышена на 20%. На сегодняшний день средняя заработная плата производственного персонала компании превысила республиканский уровень на 26%.

На расширенном совещании отмечалось, что приоритетным направлением деятельности нацкомпании в 2024 году остается обеспечение безопасности на железнодорожном транспорте, а также наращивание объемов перевозок и развитие транзита, реализация программ цифровизации, обновление железнодорожной инфраструктуры и подвижного состава.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПЕРСОНАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ



Повышение качества работы машинистов-инструкторов Алматинского эксплуатационного локомотивного депо стало основной темой совещания с руководством предприятия.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В частности, обсуждалось усиление личной ответственности машинистов-инструкторов за исполнение служебного долга, соответствие требованиям ПТЭ, действующим приказам и инструкциям.

По словам заместителя начальника депо по эксплуатации Серика Бердукулова, еженедельная практика проведения совещаний эффективно поддерживает работу командиров среднего звена. Повышение ответственности машинистов-инструкторов положительно сказывается на работе локомотивных бригад, графике движения поездов и обеспечении



безопасности движения. Он также подчеркнул необходимость обновления знаний и навыков, развития профессиональных и лидерских компетенций, а также внедрения передовых

инструментов управления.

– В ваши обязанности входит обучение локомотивных бригад, контроль над исполнением их работы, анализ ошибок и нарушений для обеспечения безопасности

движения поездов. Вы несете персональную ответственность за успехи и промахи своих бригад, – подчеркнул Серик Бердукулов.

В ходе совещания обсуждались вопросы расшифровки скоростемерных лент и электронных носителей информации. Отдельной темой на повестке дня стала экономия топливно-энергетических ресурсов и организация профилактической работы по снижению расходов топлива.

Участники совещания заострили внимание на проведении внезапных проверок с выездом на линию, регламенте переговоров локомотивных бригад, улучшении культурно-технического состояния парка, выполнении плановых заданий и других немаловажных моментах.

Машинисты-инструкторы, в свою очередь, представили отчет о выполнении контрольно-инструкторских проверок, обсудили вопросы улучшения проведения профилактической работы в своих секциях, направленной на обеспечение безопасности движения и эксплуатационной работы.

Фото автора

Полугодовая информация ТОО «КТЖ – Пассажирские локомотивы» об исполнении либо неисполнении инвестиционной программы (проекта), учтенной в предельной цене БИН 210840034978 49390 (вид деятельности по ОКЭД) за 2-е полугодие 2023 года


№	Наименование показателей инвестиционной программы (проекта) (с 1 января 2023 года по 31 декабря 2023 года)	Кем утверждена (дата, номер приказа)	Наименование мероприятия	Годы реализации мероприятий с 1 января 2023 года по 31 декабря 2023 года		Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене с 1 января 2023 года по 31 декабря 2023 года					Фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене с 1 января 2023 года по 31 декабря 2023 года (2-е полугодие)				Отклонение (+,-)		Причины отклонения	
				с 1 января 2023 года по 30 июня 2023 года	с 1 июля 2023 года по 31 декабря 2023 года	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	объем	Сумма тыс. тенге		
				Ед. изм.	Технические параметры													Ед. изм.
	Всего:	Инвестиционная программа утверждена согласно письму от 21.04.2022 г. № 32-1-32/1964 Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК	Приобретение локомотивов	5 944 533	7 654 610	ед.		тыс. тенге	13 599 143	всего в т.ч.	ед.		тыс. тенге	60 990 004	47 390 861			
		4 623 240		6 593 561	11 216 801				собственные	21 691 282				10 474 481				
		1 321 293		1 061 049	2 382 341				заемные	39 298 722				36 916 381				
1	Приобретение пассажирских электровозов	№ 32-1-32/1964 Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК			5 944 533	1 061 049	ед.	4	тыс. тенге	7 005 582	всего в т.ч.	ед.	16	тыс. тенге	32 513 476	25 507 894		
					4 623 240	-				4 623 240	собственные				11 675 371			7 052 131
					1 321 293	1 061 049				2 382 341	заемные				20 838 105			18 455 764
2	Приобретение пассажирских тепловозов				6 593 561	ед.	4	тыс. тенге	6 593 561	всего в т.ч.	ед.	-	тыс. тенге	28 476 528	21 882 967			
					6 593 561				6 593 561	собственные				10 015 911			3 422 350	
										заемные				18 460 617			18 460 617	

Председатель Правления (Генеральный директор) ТОО «КТЖ – Пассажирские локомотивы»

М. Медеубаев

БЫСТРО И КАЧЕСТВЕННО

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В Костанайском регионе идет активная работа по борьбе со снегом на железнодорожных путях. Главная задача – быстро и качественно справиться с обильным снегопадом и не допустить задержки поездов. Снег в этом году выпал на территории региона в больших объемах.

Как сообщила ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Сандугаш Ахметова, успешно справиться с этими большими перепадами, вырванными на путях, железнодорожникам помогает современная техника. На различных участках пути Костанайского отделения круглосуточную вахту несут порядка 35 единиц техники. В том числе 10 снегоборочных машин, 22 снегоочистительные машины и три ротора.

На многих участках производится нарезка валов снегозадержания, благодаря чему заметания путей удастся избежать. По путям также ходят новые снегоочистительные машины СМК и СДПМ, на которых впереди стоит очиститель в виде клина. Эти машины могут в считанные часы очистить рельсы от любой массы снега.

– Наиболее уязвимые участки находятся под постоянным контролем. В нашем регионе часто идут метели, но благодаря бесперебойной работе техники и добросовестности наших работников снег с пути регулярно и полностью убирается, – говорит Сандугаш Ахметова.

ПОД КОНТРОЛЕМ ВСЕ УЧАСТКИ

Милена КАИРОВА,
Алматы



В течение прошедшего года ревизорский аппарат департамента безопасности движения по Алматинскому участку провел 977 проверок (в том числе 16 ночных), выявив 6 748 нарушений. Принято 1 299 запретных мер.

Приостановлено от эксплуатации 24 локомотива, грузовых вагонов – 109, пассажирских – 11. Закрыто 100 станционных путей, 76 стрелочных переводов. Ограничение скорости – 839 (путей – 510, стрелок – 329).

Кроме того, внесены 153 замечания в книгу РБУ-8 по всем хозяйствам. Ревизорские предписания и указания направлены на обеспечение безопасности движения поездов. В Алматинском отделении ГП снижено количество нарушений, хотя еще требуется работа для улучшения ситуации.

По мнению ревизора, нужно разобраться в причине, повлекшей за собой то или иное нарушение. Сделать анализ и выработать рекомендации по улучшению процессов, предотвращению аварийных ситуаций на железной дороге.

И хотя все участники перевозочного процесса НОДПТ-7, НЖС-7 и РЦУПТ-2 Алматы отработали без крушений и аварий, по мнению главного регионального ревизора Мейрамбека Серикабаева, предстоит еще немало работы по улучшению безопасности движения поездов в регионе.

Мейрамбек Серикабаев отметил низкий уровень знаний работников, роль линейных руководителей и бессистемную работу, вызывающую бесконтрольность среднего звена. Важно также улучшить разъяснительную работу со школами, организациями и населением на тему предотвращения наездов на людей на путях и правил проезда через железнодорожные переезды.

Подчеркнута необходимость контроля на участках с частыми наездами на людей и скот. Особое внимание уделяется перегонам Копр – Айнабулак, Уштобе – Сарыозек, Бурундай – Шамалган. Мейрамбек Серикабаев отметил необходимость дежурства в парках станции, проверки автоматической сигнализации и совместной работы со стражами порядка для предотвращения несчастных случаев.

ЗДОРОВЬИЙ КЛИМАТ В КОЛЛЕКТИВЕ

Председатели цеховых профсоюзных комитетов Карагандинского отделения ГП проводят активную работу по ознакомлению сотрудников с новым Коллективным договором на 2024-2026 годы.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В числе самых оперативных информаторов стала председатель цехкома ВЧД-13 Сымбат Медеуова. В доступной форме она рассказала работникам Оперного пункта технического обслуживания (ОПТО) «Север» станции Караганда-Сортировочная об изменениях в разделе Коллективного договора, подробно остановившись на вопросах улучшения соцпакета работников, познакомила работников с новым законом о спецвыплатах для занятых во вредных условиях казахстанцев.

На сегодняшний день все сотрудники ОПТО в количестве 70 человек являются членами профсоюза. Предприятие более пяти лет возглавляет начальник Айдоос Ешанов, его правой рукой является мастер Ринаг Джодаспеков.

Руководителями проводится весомая работа по совершенствованию систем отопления, замене входных дверей, также комплексные мероприятия по созданию безопасных условий труда и



предотвращению несчастных случаев. Несмотря на то что в коллективе трудятся в основном мужчины, в цехе царит чистота и порядок. Стоит отметить, что коллектив ОПТО состоит в основном из молодежи, которая принимает активное участие в различных общественных мероприятиях на региональном уровне. — Обстановка в коллективе стабильная и дружная. Благодаря стараниям руководителей внутри поддерживаются здоровая внутренняя атмосфера и единый корпоративный дух, — резюмировала Сымбат Медеуова.

Фото автора

ӘЛЕУМЕТТІ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Жыл басынан бастап Семей ЖТ бөлімшесі бойынша теміржолшылар арасында ақпараттандыру, түсіндіру жұмыстары күшейтілген түрде жүргізілуде. Тақырып аясы кең, еңбек қауіпсіздігін сақтау, жаңа ұжымдық шарт негіздерін түсіндіру, сала қызметкерлері арасында туындаған әлеуметтік тақырыптағы сауалдарға жауап беру, т.т.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Жұырда бұл бағыттағы шаралар Жаңа-Семей және Семей станциялары бойынша қорытындыланды. Еңбеккерлер саны көп, өндірістік процестер аса ауқымды, тораптық Жаңа-Семей станциясында 148 адамды қамтыған екі күндік жиын өтті. Басқосу барысында бөлімшенің өндірістік қауіпсіздігі және экология бөлімінің жетекші инженер-технологы Бекзат Кәрімханов өндірістегі қауіпсіздік мәселелер туралы сөз қозғайды. Бұл орайда Шу станциясындағы 21 қантар күні орын алған қайғылы жағдай тақырып өзегіне айналды. Оқиға бойынша түсінік беріп, қауіпсіздік мәселелерін слайд арқылы жеткізген Бекзат Нұрланұлы сақтық шаралары мен қауіпсіздік ережелерін еске салды.

Ал персоналмен жұмыс жасау бөлімінің мамандары өткізген дәріс барысында сұрақ-жауап көп болды. Жыл басынан бастап күшіне енген жаңа ұжымдық шарт төңірегінде қызу әңгіме өрбіді. Теміржолшыларды толғандырған мәселе ел алдымен мезгілінен бұрын зейнеткерлікке шығу мен Семей сынақ полигоны зардабын шегушілер үшін жасалатын жеңілдіктер болды. Бұл орайда биылғы ұжымдық шартта бірталай жаңашылдықтар бар екен.

Сонымен қатар жиын барысында еңбекақы төлеу, жұмыс берушінің міндеттері, зейнеткерлер мен ардагерлерге жасалатын жәрдем, соның ішінде мерекелер



мен атаулы күндері берілетін сыйақылар көлемі, еңбеккерлерге арналған әлеуметтік пакет жайлы кеңінен сөз өрбіді.

Жауапты мамандар арнайы әзірленген слайд арқылы кең көлемде ақпарат берді. Сонымен қатар алдағы уақыттары түсінбеген мәселелер бойынша бөлімшенің есеп бөлімі мен персоналмен жұмыс жасау бөліміне және кәсіподақ ұйымдарының төрағаларына жолығып, өздерін толғандырған мәселелер жайлы жауап алуға болатыны да жеткізілді.

— Кез келген түсінбеушіліктің соңы ренішке, тіпті бүлікке де әкелуі мүмкін. Ал дер уақытында ақпараттандыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ортақ диалог алаңын ұйымдастыру арқылы талай даудың алдын алуға болады. Сондықтан да болар, ел шығысындағы сала қызметкерлері арасында наразылық, еңбек даулары мен келіспеушіліктер жоқ. Осындай шаралар қантар айының басынан бері Шара, Аягөз, Дегелең сынды тораптық станцияларда ұйымдастырылды. Жиын барысында әлеуметті толғандырған мәселелер жан-жақты қозғалып, кең көлемде талқыланды, түсінік берілді, — дейді ұйымдастырушылар.

Кәсібі – нәсібі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПОЙЫЗ БАСТЫҒЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ қарасты «Алматы-Қазан» халықаралық пойызының бастығы Дәулет Сәрсенбаевтың теміржолдағы еңбек өтілі 20 жылдан асады. Шетелге қатынайтын жолаушылар құрамына қызмет көрсетудің жауапкершілігі зор екенін ескерсек, соңғы 4 жылдан бері пойыз бастығы лауазымын атқарып келе жатқан кейіпкеріміздің жұмысы тіпті де оңай емес.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Әулетінде жолшылар мен жолсеріктер көп болатын. Сол алдыңғы буын ағаларына еліктеп өскен Дәулет салада жоғары білім алған соң еңбек жолын «Алматы-Қостанай» бағытындағы жолаушы пойызында жолсерік болып бастаған. Әрі қарай ел ішіндегі бағдарлардың басым бөлігінде жолсерік болды, халықаралық пойызбен Мәскеуге, Новосібірге қатынады. 2019 жылдан бері Қазан қаласына қатынайтын пойыз бастығы болып, бүкіл құрамның қауіпсіздігі мен тәртібіне жауапты болып келеді.

— Жолда түрлі жағдай болуы мүмкін. Оның үстіне шекарадан өткенде кедендік

және т.б. тексерулер көп болады. Сол кезде жолаушыларға түсіндіріп, түсіністікпен қарауға шақырамыз. Жолаушылар арасында ішімдік ішкендер болса немесе жанжал тудыруға бейім адамдар болса, оларды тыныштандырып, тәртіпке бағындыруға тырысамыз. Жұмыс ауысыммен, бір апта біздің бригада шықса, келесі апта басқа бригада шығады. Біздің жылжымалы құрамда 6 вагон бар, соған сәйкес 12 жолсерік вагондарға жауапты. Бұл бағытта қазақстандықтар көбіне Қазан туристік қала болғандықтан демалып қайту үшін пойызға отырады, саяхатшылардың көбі егде жастағылар. Сосын біз үстінен өтетін Екатеринбург және межелі нүкте Қазан қаласындағы ЖОО-да оқитын студенттер де көп мінеді, — дейді пойыз бастығы.



Бұл бағыттағы пойыз жолсеріктер қауіпсіз де мінсіз сервисі қамтамасыз еткені үшін жолаушылар тарапынан жиі алғыс алады екен. Дәулет Сәрсенбаевтың өзі — көп балалы әке, бес баласының анасымен де жолсерік болып жүргенде танысып, отбасын құрған. Бақытты әке, тәжірибелі маман өмірдегі екі маңызды мәселе — жар мен мамандық таңдауда адалағанын айтады. Бала күнгі арманы оны жолаушылар тасымалына әкелсе, осы жұмысының арқасында өмірлік жарын да кездестіргенін тағдырдың тамаша сыйы деп санайды.

Суретті түсірген Сара САХЫНБЕК

«ЖЫЛ АДАМЫ» АТАНДЫ



БАЙҚАУ

Теміржолшылар – жан-жақты белсенді халық. Қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, жүк және жолаушы тасымалын қамтамасыз етіп отырған сала мамандарының үні азаматтық қоғамда да жиі естіледі. Атыраулық теміржолшы Мұрат Ізмұқанов «Жаңа Қазақстанның жыл адамы» республикалық байқауына қатысып, жүлдегер атанды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын кеңінен насихаттау бойынша өткен байқауда 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталған Мұрат Жұмбабайұлы Атырау магистральдық желі бөлімшесінің вокзал шаруашылығы бөлімінде жетекші инженер болып еңбек етеді. 1973 жылы 18 сәуірде Атырау облысы Қызылқоға ауданында дүниеге келген кейіпкеріміз еңбек жолын 1990 жылы «Тұрғын үй-91» бағдарламасы бойынша құрылысшы болып бастаған екен. 1994 жылы Ақтөбе теміржол бөлімшесінің



Каспий өңірлік орман шаруашылығында, 1998-2007 жыл аралығында Атырау теміржол вокзалының жүк бөлімінде, жүк вагонының жолсерігі, электромеханик, шебер болып жұмыс істеді. 2007-2014 жылдар аралығында

ОТКРЫТИЕ СЕЗОНА



СПОРТ

В Уральске положено начало спортивным мероприятиям, посвященным 120-летию первой железной дороги Казахстана. Сезон открыло первенство по волейболу среди команд структурных подразделений АО «НК «ҚТЖ», проходившее в спортзале подшефной СОШ № 45.

Анна ПАНИЦЕВА,
Уральск

Организаторами соревнований выступили инструктор-организатор Бекзат Гилманов и спортиструктор ФСК «Локомотив». Болат Карлибаев совместно с профсоюзной организацией железнодорожников по Уральскому региону.

В соревнованиях приняли участие шесть команд, каждую входило восемь человек.

В группе «А» за выход в полуфинал соревновались команды станции Семиглавы Мар, Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ) и Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ). В итоге сильнейшими оказались семиглавомарцы,

за ними — локомотивщики. В группе «Б» свою подготовку показали спортсмены Уральского филиала Военноизбранной железнодорожной охраны (ВЖДО), Уральского дистанции пути (ПЧ) и Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД). Здесь лидировали ВЖДО, за ними в полуфинал вышли путейцы.

Градус борьбы повышался от матча к матчу. И если «Семиглавы Мар» показал явное превосходство над командой ПЧ, то ВЖДО пришлось попотеть, чтобы одолеть команду ТЧЭ. А вот в борьбе за третье место первенства, где сошлись путейцы с локомотивщиками, страсти разгорелись нешуточные. Команды шли ноздря в ноздю, однако в каждом сете



преимущество оказалось на стороне ПЧ. Не менее горячим выдался и финал. Хотя команда ВЖДО опытная, хорошо подготовленная и очень спортивная, что соответствует специфике работы, однако заметно уступала молодым и рыным спортсменам «Семиглавого Мара» в каждом сете.

В итоге победителями первенства стала команда «Семиглавы Мар», серебряными призерами — команда ВЖДО, а «бронза» досталась команде Уральской дистанции пути. Все призеры награждены дипломами и ценными подарками от профсоюзной организации.

Фото автора

ДЛЯ ИНТЕГРАЦИИ И ОБМЕНА ОПЫТОМ



ПРОФСОЮЗ

Важную встречу для молодых работников железнодорожных предприятий организовал профсоюз с руководством Восточно-Казахстанского областного филиала молодежного совета «Келешек» при ТОП «Профсоюзный центр ВКО».

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

На мероприятие пригласили представителей акимата Восточно-Казахстанской области, АО «Отбасы банк», Восточно-Казахстанского филиала АО «Государственный фонд социального страхования», областного управления координации занятости и социальных программ. Участники встречи смогли не только обменяться

опытом в продвижении молодежной политики, но и познакомиться с инструментами государственной поддержки казахстанцев.

Представитель Центрального совета АО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева рассказала гостям о деятельности служб железной дороги в регионе. Собравшимся показали краткий видеofilm об истории профсоюзного движения в Восточном Казахстане, которое

берет начало с 20-х годов прошлого века. Руководитель Восточно-Казахстанского областного филиала «Келешек» при ТОП «Профсоюзный центр ВКО» Айдоос Адильбеков сообщил, что их молодежный совет является консультативно-совещательным органом, составляющей Федерации профсоюзов РК.

— Наша задача заключается в том, чтобы вовлекать больше молодых людей в профсоюзную деятельность,

разработку предложений по учету специфики трудовых прав и социальных гарантий в коллективных договорах, соглашениях всех уровней, — отметил Айдоос Адильбеков.

Представитель Совета по делам молодежи при президенте АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Маратова и активист Серик Дубербаев рассказали о своем участии в благотворительных акциях железнодорожных предприятий региона, волонтерском движении.



В числе мероприятий, которые запланированы акимат ВКО в текущем году, — спортивные соревнования, познавательные экскурсии по предприятиям. При этом упор будет делаться на рабочую молодежь. Айгуль Жайлаубаева, в свою очередь, выразила готовность предоставить свою площадку для проведения профориентационных мероприятий.

— Мы надеемся на дальнейшее сотрудничество, особенно с молодежным советом «Келешек», — резюмировала Айгуль Жайлаубаева. — Наш профсоюз и молодежь железной дороги готовы участвовать в мероприятиях городского и областного уровней. Чем сможем — поможем. Давайте зайвмо к себе!

Фото автора



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӨСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspaveva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.